

4. Облыста спортты дамыту және оның материалдық-техникалық жарақтандыруына қаншалықты көңіл бөлінеді?

Облыста спорт инфрақұрылымын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта «Жастар» стадионында жасанды мұз айдынын салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстарын аяқтау және ғимаратты қолданысқа беру ағымдағы жылдың соңына жоспарланып отыр.

2016 жылы «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» МКҚК құрылды.

Биылғы жылы «Облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК ғимаратын қайта салудың, «Облыстық спортқа дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат» МКМ мен Зеленов ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешені үшін кеңсе ғимаратын салудың, аудандарда дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салудың жобалау-сметалық құжаттамаларын дайындау жұмысына бюджеттен қаржы құралдары бөлінді.

Жүйелі түрде спорт ұйымдары спорт құрал жабдықтарымен қамтамасыз етіліп тұрады.